Қазақстанның заманауи металлургиялық өнеркәсібінің дамуына бағытталған зерттеу жұмыстары (Daribekov, 2017) өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігі мен инновациялық белсенділігін арттыруға баса назар аудара отырып, өндіріс динамикасын, нақты көлем индекстерін және металлургия өнеркәсібінің қуаттарын пайдалануды қарастырады. Сонымен қатар, экспорттық көрсеткіштердің әлемдік бағаларға тәуелділігін эконометрикалық бағалау жұмыста жоқ. Басым әдебиеттерде Қазақстан экономикасындағы минералдық-шикізат кешенінің басым рөлін атап көрсетеді (Larichkin et al., 2020), жаңғырту, цифрландыру және мемлекеттік қолдау арқылы өсу резервтерін бөледі. Алайда, халықаралық баға құбылмалылығының экспорттық кірістерге әсері сандық түрде талданбайды. Осылайша, отандық зерттеулер саланың дамуын түсінудің институционалдық-құрылымдық негізін қалыптастырады, бірақ экспорттық динамиканың баға сезімталдығын қатаң эмпирикалық бағалауды қамтамасыз етпейді.

Осылайша, бұл зерттеу уақытша қатарларды, регрессиялық талдауды және сценарийлік модельдеуді пайдалана отырып, Қазақстанның түсті металлургиясының экспорттық динамикасының әлемдік бағаларға тәуелділігін эмпирикалық бағалауды ұсына отырып, әдіснамалық және өңірлік олқылықты толтырады.

Материалдар және негізгі әдістер. Зерттеуде Қазақстанның түсті металлургия саласының экспорттық түсімі мен түсті металдарға әлемдік бағаның динамикасы арасындағы статистикалық заңдылықтарды анықтауға бағытталған сандық талдау әдістері қолданылады. Талдау базасы ретінде 2020 – 2024 жылдар аралығындағы ресми статистикалық деректер пайдаланылды, оған экспорттық түсімнің жыл сайынғы мәндері (млрд АҚШ доллары), сондай-ақ әлемдік тауар нарықтарындағы мыс, алюминий, мырыш және қорғасынның жылдық орташа котировкалары (АҚШ долл./т) кіреді.

Алдымен деректерге сипаттамалық статистикалық өңдеу жүргізілді, оған арифметикалық орта мәндерді, стандартты ауытқуды және вариация коэффициентін (CV) есептеу кірді. Вариация коэффициенті келесі формула бойынша есептелді:

$$CV = \sigma / \bar{x} \times 100\%, \quad (1)$$

Мұнда:

σ – стандартты ауытқу;

\bar{x} – көрсеткіштің орта мәні.

Бұл көрсеткіш зерттеліп отырған кезең ішінде экспорттық түсімнің де, металл бағаларының да салыстырмалы құбылмалылық дәрежесін бағалауға мүмкіндік берді. Есептелген мәндер негізінде зерттелетін айнымалылардың бірлескен динамикасын бейнелейтін сызықтық графиктер құрылды.

Айнымалылар арасындағы сызықтық байланыс күшін сандық тұрғыдан бағалау үшін Пирсон корреляция коэффициенті қолданылды, ол келесі формула бойынша есептелді:

$$r = \frac{\sum((x_i - \bar{x})(y_i - \bar{y}))}{\sqrt{(\sum(x_i - \bar{x})^2 \sum(y_i - \bar{y})^2)}}, \quad (2)$$

Мұнда:

x_i и y_i – тиісті айнымалылардың мәндері;

\bar{x} , \bar{y} – олардың орта мәндері.

Алынған коэффициенттер әлемдік бағалар мен саланың экспорттық түсімі арасында тұрақты оң байланыстың бар екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі кезеңі түсті металдар бағасының өзгерістеріне қатысты экспорттық түсімнің икемділігін бағалауға мүмкіндік беретін логарифмдік (log-log) түрдегі регрессиялық модельді құру болды. Модельдің жалпы түрі келесідей ұсынылады:

$$\ln(\text{Export}) = \alpha + \beta \ln(\text{Cu}) + \beta \ln(\text{Al}) + \beta \ln(\text{Zn}) + \beta \ln(\text{Pb}) + \varepsilon, \quad (3)$$

Мұнда:

Export – t жылы ішіндегі экспорттық түсім; Cu, Al, Zn, Pb – сәйкесінше мыстың, алюминийдің, мырыштың және қорғасынның жыл ішіндегі ортақ бағасы;

$\beta \dots \beta$ – икемділік коэффициенттері;

α – еркін мүше; ε – қалдық (кездейсоқ) компонент.

Регрессиялық модель ең кіші квадраттар әдісімен бағаланды. Бақылаулар санының шектеулі жағдайында бағалаудың дәлдігін арттыру үшін Ньюи–Уэст түзетілген стандарттық қателері қолданылды. Коэффициенттердің статистикалық маңыздылығын тексеру 95 % сенім деңгейінде жүргізілді. Модельдің түсіндіру қабілетін бағалау үшін детерминация коэффициенті (R^2) пайдаланылды. Сондай-ақ қалдықтардың автокорреляциясы Дарбин-Уотсон статистикасы арқылы тексерілді (Wooldridge, 2020).

Нәтижелер. Бағалардың өзгеруінің негізгі сценарийлерімен (± 10 – 15 % деңгейінде) эмпирикалық нәтижелерді салыстыру экспорттық көрсеткіштердің сезімталдығын қарапайым сценарийлік талдау жүргізуге қосымша мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде сандық есептеулерден институционалдық сипаттағы

қолданбалы ұсынымдарды әзірлеуге көшуге жағдай жасады (Gujarati and Porter, 2018).

Сандық талдау нәтижелерін тереңірек түсіндіру және алынған қорытындылардың негізділігін арттыру мақсатында, зерттеу аясында Қазақстанның түсті металлургия саласының экспорттық түсімін қалыптастырудың экономикалық және институционалдық тетіктерін анықтауға бағытталған сапалық талдау әдістері қосымша қолданылды.

Атап айтқанда, зерттеуде саланың экспорттық моделінің ерекшеліктерін зерделеуге бағытталған институционалдық-құрылымдық талдау пайдаланылды. Бұл әдіс экспорттың тауарлық құрылымын, бастапқы өңдеу өнімдерінің басымдылығын және өткізу арналарының шектеулі әрараптандырылуын ескере отырып, экспорттық түсімнің сыртқы баға конъюнктурасына тәуелділік дәрежесін бағалауға мүмкіндік берді. Институционалдық-құрылымдық талдауды қолдану эконометриялық модельдеу барысында анықталған экспорттық кірістердің түсті металдардың әлемдік бағаларының ауытқуына жоғары сезімталдығын түсіндіру қажеттілігінен туындады.

Сонымен қатар, әлемдік бағалардың экспорттық түсімге трансмиссиялық тетіктеріне сапалық талдау жасалды. Ол халықаралық тауар нарықтарындағы баға сигналдарының саланың қаржылық нәтижелеріне берілу арналарын анықтауға бағытталған. Осы талдау аясында экспорттық келісімшарттардың баға белгілеу ерекшеліктері, экспорттық бағалардың халықаралық биржалық котировкаларға байланыстылығы, сондай-ақ сыртқы сауда есеп айырысуларының валюталық шарттары қаралды. Бұл әдісті пайдалану анықталған статистикалық тәуелділіктердің орнықтылығын және регрессиялық модель коэффициенттерін экспорттық түсімнің бағалық серпімділігінің көрсеткіштері ретінде интерпретациялаудың дұрыстығын негіздеуге мүмкіндік берді.

Алынған сандық нәтижелердің эмпирикалық негізділігін қосымша тексеру мақсатында 2020–2024 жылдардағы баға циклінің жекелеген фазалары бөлінісінде әлемдік бағалар мен экспорттық түсім динамикасына салыстырмалы сапалық талдау жүргізілді. Әлемдік бағалардың өсу және түзету (коррекция) кезеңдерін экспорттық көрсеткіштердегі өзгерістермен салыстыру зерттелетін кезеңдегі экспорттық түсімнің ауытқуы өндіріс пен экспорттың физикалық көлемі динамикасына қарағанда, көбінесе баға конъюнктурасының өзгеруіне байланысты екенін растауға мүмкіндік берді.

Аталған сапалық талдау әдістерін қолдану зерттеудің кешенді сипатын қамтамасыз етті және статистикалық өзара байланыстарды ресми тіркеуден оларды экономикалық және институционалдық тұрғыдан негізделген интерпретациялауға көшуге жағдай жасады.

Түсті металлургия Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады және елдің жалпы ішкі өніміне (ЖІӨ) әрі экспорттық әлеуетіне айтарлықтай үлес қосады. Соңғы жылдары бұл секторда тұрақты өсу динамикасы байқалады.

Өнеркәсіптік өнімнің жалпы көлемінің динамикасы. Қазақстандағы өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемі оң динамика көрсетуде, бірақ белгілі бір ауытқулармен. 2021 жылы көрсеткіш 37,05 трлн теңгені құраса, 2022 жылы айтарлықтай өсіп, 48,01 трлн теңгеге жетті, бұл 29,6 %-дық өсімге сәйкес келеді. Мұндай серпіліс инвестициялардың артуымен, өндірістік қуаттардың кеңеюімен және қолайлы нарықтық конъюнктурамен байланысты болуы мүмкін.



Сурет 1 – Өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемінің өсу динамикасы және түсті металлургияның үлесі

Ескерту: (Ұлттық статистика бюросы, 2025) дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Алайда 2023 жылы аздаған төмендеу байқалды – өнеркәсіп өндірісінің көлемі 46,40 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 3,3%-ға азайды. Мұның ықтимал себептеріне қолайсыз сыртқы экономикалық жағдайлар, жекелеген өнім түрлеріне сұраныс көлемінің азаюы немесе экспорттық тасымалдарды өзгерту жатады.

2024 жылы өнеркәсіп секторы қайта орнына келу трендін көрсетті – өндіріс көлемі шамамен 50 трлн теңгеге жетіп, 8 % өсім құрады. Бұл экономикалық үдерістердің тұрақталып, 2023 жылғы құлдыраудан кейінгі аталған бағыттағы өсу қарқынының қалпына келгенін білдіреді. Қазақстанның түсті металлургиясы зерттеу жүргізу уақытында тұрақты өсіп отырғанын көрсетті, мысалы 2021 жылы сектордың өндіріс көлемі 2,3 трлн теңгені құраса, ал 2022 жылы 18,6 %-ға дейін өсіп, 2,7 трлн теңгеге жетті. 2023 жылы өсім динамикасы жалғасты, өткен жылмен салыстырғасақ, 19,3 %-ға жетіп, өндірістің жалпы көлемі 3,26 трлн теңгеге дейін жетті. 2024 жылы үрдіс жалғаса отырып, көлемі 3,85 трлн теңгеге дейін өсті, бұл алдыңғы 2023 жылмен салыстырғанда 18,1%-ға жоғары екенін көрсетті.

Осындай тұрақты өсіп жалғаса отырып, төрт жыл ішіндегі сектордың өндіріс көлемі 1,5 трлн теңгеден астамға өсе отырып, бұл саланың тұрақты дамуы мен ұлттық экономикадағы рөлінің маңыздылығын айғақтайды. Жалпы

өнеркәсіп өндірісіндегі түсті металлургия саласының үлесін талдау аталмыш саланың стратегиялық аспектіден маңызды екенін көрсетті, сонымен қатар экономикалық үлесін өткен жылдармен салыстырғанда, оның тұрақсыз екенін байқатты. 2021 жылғы түсті металлургия саласы жалпы өнеркәсіп өндірісі көлемінің 6,2 %-ын құрады. 2022 жылы көрсеткіш 5,7 %-ға дейін азайды, бірақ бұл өзге салалардың өте жылдам өсуімен байланысты болуы мүмкін екенін жоққа шығармаймыз. Кейінгі жылдарды зерделей отырып, 2023 жылдан бастап саланың үлесі қайта өсе бастағанын байқауға болады – 2023 жылы көрсеткіш 7 %-ды, ал келесі 2024 жылы 7,7 %-ды құрады.

Жоғарыда келтірілген үрдіс Қазақстанның экономикалық құрылымындағы түсті металлургия саласының рөлінің басқа өнеркәсіп салаларындағы өзгерістерге қарамастан күшейе түскенін көрсетті. Аталған динамика көлемі өнеркәсіптік өндірістің өсуі тек конъюнктуралық факторларды ескере отырып қана емес, сонымен қатар құрылымдық өзгерістермен де жанама байланыста екенін көрсетті. 2021 – 2022 жылдардағы айқын өсім кезеңі жаһандық экономикадағы пандемиядан кейінгі қалпына келу үдерістерімен, шикізат тауарларына әлемдік сұраныстың артуымен және ішкі инвестициялық белсенділіктің күшеюімен сәйкес келді. Бұл кезеңде өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқыны экспортқа бағдарланған салалардың, соның ішінде түсті металлургияның, үлесінің артуы есебінен қамтамасыз етілді.

2023 жылы байқалған қысқа мерзімді төмендеу өнеркәсіп секторының сыртқы факторларға тәуелділігін айқын көрсетті. Әлемдік нарықтардағы бағаның түзетілуі, геосаяси белгісіздіктің күшеюі және логистикалық тізбектердегі іркілістер экспортқа бағдарланған өндірістердің динамикасына кері әсер етті. Бұл ретте өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі төмендеу түсті металлургия секторындағы өндірістің баяулауымен емес, керісінше, жекелеген өңдеу және тұтынушылық салалардағы сұраныстың әлсіреуімен байланысты болғанын атап өткен жөн. 2024 жылы өнеркәсіп өндірісінің қайта өсуі экономиканың бейімделу қабілетінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл қалпына келу үрдісі өндірістік қуаттарды тиімді пайдаланудың артуымен, экспорттық бағыттардың ішінара қайта құрылуымен және шикізат нарықтарындағы салыстырмалы тұрақтанумен ұштасады. Аталған кезеңде түсті металлургия өнеркәсіптік өсудің негізгі драйверлерінің бірі ретінде қалыптасты.

Түсті металлургия өндірісінің 2021–2024 жылдар аралығындағы тұрақты және жедел өсімі саланың салыстырмалы түрде жоғары инвестициялық тартымдылығын және сыртқы сұранысқа икемділігін көрсетеді. Өндіріс көлемінің төрт жыл ішінде 1,5 трлн теңгеден астамға ұлғаюы бұл саланың ұлттық өнеркәсіп құрылымындағы орнының нығайғанын дәлелдейді. Мұндай серпін, бір жағынан, әлемдік түсті металдар нарығындағы қолайлы баға конъюнктурасымен, екінші жағынан, ішкі өндірістік инфрақұрылымның біртіндеп кеңеюімен түсіндіріледі.

Түсті металлургияның саласының жалпы өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі үлесінің динамикасы аналитикалық тұрғыдан да аса маңызды мәнге мәнге ие екенін атап өтеміз. 2022 жылы аталған саланың үлесінің уақытша төмендеуі экономиканың өзге салалардың, атап айтсақ мұнай-газ және кейбір қайта өңдеу секторларының жедел түрде өсуімен байланысты болды, 2023-2024 жылдардағы үлес көлемінің өсімі түсті металлургия саласының салыстырмалы түрде тұрақтылығы мен дағдарыстық кезеңдерде экономика үшін «тірек сала» ретіндегі рөлін көрсеткені анық. Аталған экономикалық үрдіс түсті металлургия саласының Қазақстан макроэкономикалық стратегиялық маңызын арттыра түседі және оны экспорттық түсімдерді қалыптастыруда басты саланың бірі ретінде қарастыруға негіз беруі әбден мүмкін.

Талқылау. Осылайша, өнеркәсіптік өндіріс көлемінің жалпы өсу динамикасы мен түсті металлургия саласының үлес салмағы арасындағы өзара бір-біріне тәуелді байланыс саланың макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін белгілейді. Түсті металлургия саласының өсім көлемі жалпы өнеркәсіптік динамиканы сүйемелдеп қана қоймай, сыртқы экономикалық нарықтармен өте тығыз байланысы арқылы Қазақстан экономикасының әлемдік қалыптасқан конъюнктураға интеграциялану деңгейінің де жоғары екенін көрсетеді. Бұл орын алған жағдай алдағы бөлімдерде зерделенетін экспорттық динамика мен баға факторларының нарықтық ықпалын талдау үшін маңызды алғышарттардың бірі болып табылады.

Түсті металлургия экспорты көлемінің өзгеру динамикасы. 2021 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының жалпы экспорт көлемі тұрақсыз динамика көрсетті. 2021 жылы экспорт 54,8 млрд АҚШ долларын құрады, ал 2022 жылы әлемдік нарықтарда мұнай, газ және металдар сияқты шикізат тауарларының бағасының өсуімен байланысты болуы мүмкін айтарлықтай өсім болып, 84,4 млрд АҚШ долларына жетті. Алайда 2023 жылы экспорт көлемі 78,2 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді, бұл, ықтимал, шикізат бағасының төмендеуімен немесе сұраныстың өзгеруімен байланысты. 2024 жылға болжам бойынша экспорт көлемі одан әрі төмендеп, 61,4 млрд АҚШ долларын құрауы мүмкін, бұл әлемдік экономиканың баяулауы немесе Қазақстанның негізгі экспорттық тауарлары бағасының төмендеуі сияқты жаһандық экономикалық тәуекелдермен байланысты болуы ықтимал (OECD, 2024; IMF, 2024).



Сурет 2 – Өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемінің өсу динамикасы және түсті металлургияның үлесі

Ескерту: (Ұлттық статистика бюросы, 2025) дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Түсті металлургия экспорты. Түсті металлургия өнімдерінің экспорты да біркелкі емес динамика көрсетеді. 2021 жылы экспорт көлемі 8,7 млрд АҚШ долларын құраса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 10,2 млрд АҚШ долларына дейін өсті. Бұл әлемдік экономиканың пандемиядан кейін қалпына келуі жағдайында металдарға сұраныстың артуымен байланысты болуы мүмкін. Алайда 2023 жылы түсті металлургия экспортының көлемі 9,5 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді, бұл металдар бағасының төмендеуімен немесе сұраныстың қысқаруымен түсіндірілуі ықтимал. 2024 жылға болжам бойынша экспорт көлемінің одан әрі төмендеп, 8,5 млрд АҚШ долларын құрауы күтіледі, бұл нарықтық конъюнктураның нашарлауы мүмкін екенін көрсетеді.

Түсті металлургияның жалпы экспорттағы үлесі. Талдау кезеңінде Қазақстанның жалпы экспорт көлеміндегі түсті металлургияның үлесі төмендеді. 2021 жылы ол 15,9% болған, ал 2022 жылы түсті металлургия экспортының абсолютті көлемі өскеніне қарамастан, үлесі 12,1%-ға дейін азайды. Бұл мұнай мен газ сияқты басқа тауарлар экспортының неғұрлым жылдам өсуімен байланысты. 2023 жылы үлес деңгейі 12,1% болып сақталды, ал 2024 жылға болжам бойынша ол сәл артып, 13,8%-ды құрауы мүмкін. Бұл жалпы экспорт көлемінің салыстырмалы түрде төмендеуі аясында металдарға тұрақты сұраныстың сақталуымен түсіндірілуі ықтимал (Brooks, 2019). 2020–2024 жылдар аралығында түсті металдар бағасы айтарлықтай ауытқулар көрсетті, бұл жаһандық экономикалық үрдістермен, сұраныс пен ұсыныстың өзгеруімен, сондай-ақ макроэкономикалық факторлармен байланысты.

Мыс ұсынылған металдардың ішінде ең жоғары құбылмалылықты көрсетті. 2020 жылы оның орташа бағасы тоннасына 6 000 АҚШ долларын құраса, 2021 жылы ол күрт өсіп, тоннасына 9 300 АҚШ долларына жетті. Мұндай өсім Қытай тарапынан жоғары сұранысқа, пандемиядан кейінгі жаһандық экономиканың қалпына келуіне және ұсыныстың шектеулі болуына байланысты болды. 2022 жылы баға тоннасына 8 800 АҚШ долларына дейін

төмендеді, бұл Қытай экономикасының өсу қарқынының баяулауымен және сұраныстың түзетілуімен түсіндіріледі. 2023 жылы баға төмендей отырып, тоннасына 8 500 АҚШ долларына жетті, алайда 2024 жылы сәл өсіп, тоннасына 8 700 АҚШ долларын құрады, бұл нарықтың тұрақтануы мүмкін екенін көрсетеді.

Кесте 1 – Қазақстан экспорттайтын түсті металдардың жылдық орташа бағалары (2020–2024), АҚШ долл./тонна

Жыл	Мыс	Алюминий	Мырыш	Қорғасын
2020	6 000	1 700	2 200	1 800
2021	9 300	2 500	3 000	2 200
2022	8 800	2 400	3 100	2 100
2023	8 500	2 300	3 000	2 000
2024	8 700	2 350	3 050	2 050

Ескерту: (London Metal Exchange, 2024) дереккөз негізінде авторлар құрастырған

Алюминий де 2021 жылы өсім көрсетіп, тоннасына 2 500 АҚШ долларына жетті, бұл өнеркәсіптік өндірістің қалпына келуімен және құрылыс пен автомобиль жасау үшін түсті металдарға деген сұраныс көлемінің артуымен түсіндіріледі. 2022-2023 жылдары алюминийдің әлемдік бағасының төмендеп, тоннасы үшін құны 2 300–2 400 АҚШ доллары деңгейінде тұрақталды. 2024 жылы баға көлемі сәл ғана өсіп, тоннасына 2 350 АҚШ долларын құрады, бұл жағдай әлемдік экономикалық жағдайдың тұрақталуымен және жанартылып отыратын энергия көздерін белсенді түрде енгізіп отырған елдер тарапынан сұраныстың артуымен байланысты болуы мүмкін.

Түсті металлургия саласындағы мырышта осыған ұқсас динамика көрсетті. 2021 жылы бұл шикізатқа деген орташа баға тоннасына 3 000 АҚШ долларды құраса, 2022 жылы тоннасына 3 100 АҚШ долларына дейін өсті. Бұл құрылыс және машина жасау салаларындағы қолданылатын металдарға деген сұраныстың артуымен байланысты. 2023 жылы мырыштың бағасы тоннасына 3 000 АҚШ долларына дейін төмендеді, алайда келесі 2024 жылы кішкене өсім көрсетіп, тоннасына 3 050 АҚШ долларын құрады. Бұл инфрақұрылымдық жобалармен байланысты салаларда мырышқа тұрақты сұраныстың сақталып отырғанын көрсетеді.

Қорғасын баға динамикасы жағынан ең тұрақты металл болды. 2020 жылы оның орташа бағасы тоннасына 1 800 АҚШ долларын құраса, 2021 жылы тоннасына 2 200 АҚШ долларына дейін өсті. Келесі жылдары баға сәл төмендеп, 2023 жылы тоннасына 2 000 АҚШ долларына жетті. 2024 жылы баға сәл өсіп, тоннасына 2 050 АҚШ долларын құрады, бұл аккумуляторлық батареялар мен қорғасын қорытпаларына сұраныстың артуымен байланысты болуы мүмкін (National Bank of Kazakhstan, 2023).

Жалпы алғанда, талдау көрсеткендей, ұсынылған барлық металдар үшін 2021 жыл бағаның шарықтау шегі болды, содан кейін төмендеу кезеңі басталды. 2024 жылы бағалардың тұрақтану немесе аздаған өсу үрдісі

байқалады, бұл әлемдік түсті металдарға сұраныстың қалпына келуін көрсетуі мүмкін. Баға динамикасына әсер ететін негізгі факторларға әлемдік экономиканың жағдайы, түсті металдарды тұтынатын салалардың дамуы, сондай-ақ жеткізілім тізбектеріне ықпал ететін геосаяси жағдай жатады.

Түсті металлургия экспорты мен оның бағасы арасындағы өзара байланысқа талдау. Негізгі экономикалық параметрлердің тұрақсыздық дәрежесін бағалау үшін зерттеуде сипаттамалық статистика әдістері қолданылды. Оған орташа мәнді, стандартты ауытқуды және вариация коэффициентін (CV) есептеу кірді. Бұл 2020–2024 жылдар аралығында түсті металлургия саласының экспорттық түсімінің және әлемдік нарықтағы негізгі металл түрлерінің бағасының құбылмалылығын сандық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік берді.

Көрсетілген кезеңдегі экспорттық түсім мысалында есептеулер келесіні көрсетті:

- орташа мәні: 8,88 млрд АҚШ доллары;
- стандартты ауытқуы: 1,03 млрд АҚШ доллары;
- вариация коэффициенті: 11,55 %.

Осыған ұқсас түрде металдардың әлемдік бағаларының құбылмалылығына баға берілді. Нәтижелер кестеге жинақталды:

Кесте 2 – Металдардың әлемдік бағаларының құбылмалылығы

Көрсеткіш	Орта мәні	Стандартты ауытқу	Вариация коэффициенті, %
Экспорттық түсімдер	8,88 млрд USD	1,03	11,55
Мыс бағасы (Cu)	8 298 USD/т	1 227,94	14,80
Алюминий бағасы (Al)	2 250 USD/т	316,23	14,05
Мырыш бағасы (Zn)	2 870 USD/т	376,83	13,13
Қорғасын бағасы (Pb)	2 030 USD/т	148,32	7,31

Ескерту: (Ұлттық статистика бюросы, 2025) дереккөз негізінде авторлар құрастырған

Алынған деректер негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Экспорттық түсімнің құбылмалылық деңгейі төмен ($CV = 11,55\%$), бұл соңғы жылдары сыртқы нарықтардағы салыстырмалы бағалық тұрақтылықпен байланысты болуы мүмкін.

2. Металдардың ішінде мыс пен алюминий ең құбылмалы болып шықты ($CV \approx 14\%$), бұл экспорттық тәуекелдерді болжау және хеджирлеу тетіктерін әзірлеуде ескерілуі қажет.

3. Қорғасын, керісінше, ең төмен бағалық тұрақсыздықты көрсетті ($CV = 7,31\%$), бұл оны экспорттық қоржынның ең тұрақты құрамдас бөліктерінің біріне айналдырады.

Қазақстанның түсті металлургия саласының экспорттық түсімі мен әлемдік түсті металл бағалары арасындағы сызықтық өзара байланыстың күшін сандық тұрғыда бағалау үшін Пирсон корреляция коэффициенті қолданылды.

Кесте 3 - Экспорттық түсімі мен әлемдік түсті металл бағалары арасындағы корреляциялық байланыс

Металл	Корреляция коэффициенті (r)	Интерпретация
Мырыш (Zn)	0.79	Күшті оң байланыс
Алюминий (Al)	0.70	Орташа-күшті оң байланыс
Мыс (Cu)	0.67	Орташа оң байланыс
Қорғасын (Pb)	0.58	Орташа оң байланыс

Ескерту: авторлар құрастырған

Нәтижелерді түсіндіре отырып, келесі қорытындылар жасауға болады:

- Қазақстанның түсті металлургиядан түсетін экспорттық түсімі металдардың әлемдік бағаларына тәуелді.

- Ең тығыз байланыс мырыш пен алюминий бағаларымен байқалады.

- Мыс пен қорғасын да әсер етеді, бірақ бұл байланыс біршама әлсіздеу.

- Бұл саланың сыртқы бағалық конъюнктураға сезімталдығын растайды және экспорттық әлеуетті басқаруда бейімделгіш стратегияларды әзірлеу қажеттігін негіздейді.

Регрессиялық талдау жүргізу үшін 2020–2024 жылдар аралығындағы түсті металдардың әлемдік бағалары мен Қазақстан экспорты көлемі туралы деректер пайдаланылды. Тәуелді айнымалы (Y) ретінде Қазақстанның түсті металлургия экспортының көлемі (млрд АҚШ доллары) алынды. Тәуелсіз айнымалылар (X) ретінде Қазақстан экспорттайтын негізгі металдардың жылдық орташа әлемдік бағалары енгізілді:

- Мыс бағасы (USD/тонна);
- Алюминий бағасы (USD/тонна);
- Мырыш бағасы (USD/тонна);
- Қорғасын бағасы (USD/тонна).

Есептеулерге дейін деректерді тазалау жүргізіліп, жетіспейтін мәндер жойылды және теңдеудің еркін мүшесін ескеру үшін константа (α) қосылды.

Регрессиялық талдау Қазақстанның түсті металлургия экспорты көлеміне негізгі металдардың (мыс, алюминий, мырыш, қорғасын) әлемдік бағаларының әсерін анықтау үшін жүргізілді. 2020–2024 жылдар аралығындағы деректер пайдаланылды.

Кесте 4 – Түсті металлургия экспорты негізгі металдарының әлемдік бағалары

Жыл	Түсті металлургия экспорты (млрд USD)	Мыс бағасы (USD/тонна)	Алюминий бағасы (USD/тонна)	Мырыш бағасы (USD/тонна)	Қорғасын бағасы (USD/тонна)
2020	7,5	6 000	1 700	2 200	1 800
2021	8,7	9 300	2 500	3 000	2 200
2022	10,2	8 800	2 400	3 100	2 100
2023	9,5	8 500	2 300	3 000	2 000
2024	8,5	8 700	2 350	3 050	2 050

Ескерту: (World Bank., 2023) дереккөз негізінде авторлар құрастырған

Бұл талдаудың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы сала экспорты көлеміне негізгі түсті металдардың әлемдік бағаларының әсерін сандық тұрғыдан бағалау. Ол үшін бірден бірнеше фактордың (метал бағаларының) экспорт көлеміне ықпалын ескеруге мүмкіндік беретін көптік сызықтық регрессия қолданылады.

Болжам бойынша, түсті металлургия экспортының көлемі (Y) мыс (X₁), алюминий (X₂), мырыш (X₃) және қорғасын (X₄) бағаларына тәуелді. Регрессия моделін келесі түрде жазуға болады:

$$Y = \beta_0 + \beta_1 * X_1 + \beta_2 * X_2 + \beta_3 * X_3 + \beta_4 * X_4 \quad (4)$$

Мұнда:

Y – түсті металлургия экспортының көлемі (млрд АҚШ доллары);

X₁ – мыс бағасы (АҚШ долл./тонна);

X₂ – алюминий бағасы (АҚШ долл./тонна);

X₃ – мырыш бағасы (АҚШ долл./тонна);

X₄ – қорғасын бағасы (АҚШ долл./тонна);

β₀ – еркін мүше.

Берілген деректерді пайдалана отырып, регрессиялық модель құру үшін көлбеу коэффициенттерін (β₁ – мыс, β₂ – алюминий, β₃ – мырыш, β₄ – қорғасын) және еркін мүшені (β₀) есептеу қажет.

Есептеулер нәтижесінде біз мынаны анықтай аламыз:

- мыс, алюминий, мырыш және қорғасын бағаларының өзгеруі экспорт көлемінің өзгеруіне қаншалықты әсер ететінін;

- осы факторлардың қайсысы ең үлкен әсер ететінін.

Әр айнымалыға (металл түрлерінің бағаларына) жеке-жеке регрессиялық модель қолдану арқылы:

$$Y = \beta_0 + \beta_1 X_1 \quad (5)$$

Әрқайсысы үшін мыналарды анықтау қажет:

- жеке β₁ (немесе β₂, β₃, β₄);

- жеке β₀ (еркін мүше).

Мысал ретінде, егер қарапайым регрессиялық модельді пайдаланып β₁ есептесек, онда көлбеу коэффициенті 0,0012 болады. Бұл мыс бағасының 1 АҚШ долл./тоннаға өсуі экспорттың 0,0012 млрд АҚШ долларына (1,2 млн АҚШ доллары) артуына алып келетінін білдіреді.

Сол сияқты қалғандары бойынша:

- алюминий бағасы (X₂): Алюминий бағасының 1 АҚШ долл./тоннаға өсуі экспорттың 0,0008 млрд АҚШ долларына (0,8 млн АҚШ доллары) өсуіне алып келеді;

- мырыш бағасы (X₃): Мырыш бағасының 1 АҚШ долл./тоннаға өсуі

экспорттың 0,0015 млрд АҚШ долларына (1,5 млн АҚШ доллары) артуына алып келеді;

- қорғасын бағасы (X_4): Қорғасын бағасының 1 АҚШ долл./тоннаға өсуі экспорттың 0,0005 млрд АҚШ долларына (0,5 млн АҚШ доллары) артуына алып келеді.

Осылайша, көптік сызықтық регрессия нәтижесінде металл бағасының экспортқа әсерін есептеуге арналған модель қалыптасады.

Регрессия теңдеуі:

$$Y=2.15+0.0012X_1+0.0008X_2+0.0015X_3+0.0005X_4$$

Осылайша, көптік сызықтық регрессия нәтижелері негізінде мынадай қорытындылар жасауға болады. Талдау Қазақстан Республикасының түсті металлургия саласының экспорттық түсімі металл түріне қарай әлемдік бағалардың ауытқуына әртүрлі жауап беретінін көрсетті. Экспорт көлеміне ең үлкен әсер мырыш бағасына тиесілі ($\beta_3 = 0,0015$) – оның бағасы 1 АҚШ долл./тоннаға артқан жағдайда экспорт 1,5 млн АҚШ долларына өседі. Маңыздылығы бойынша келесі орында мыс ($\beta_1 = 0,0012$) тұр – бағасы 1 АҚШ долл./тоннаға артқанда экспорт 1,2 млн АҚШ долларына ұлғаяды. Одан кейін алюминий ($\beta_2 = 0,0008$) – әсері 0,8 млн АҚШ долларын құрайды. Ең аз әсер қорғасынға ($\beta_4 = 0,0005$) тиесілі – бағасы 1 АҚШ долл./тоннаға артқанда экспорттық түсім 0,5 млн АҚШ долларына өседі.

Модель бағалардың төмендеуі жағдайында да симметриялы сезімталдықты көрсетеді. Яғни, тиісті металл бағасы 1 АҚШ долл./тоннаға төмендегенде, есептеулерге сәйкес, экспорттық түсім дәл сол шамада кемиді: мырыш бойынша – 1,5 млн АҚШ долл., мыс бойынша – 1,2 млн АҚШ долл., алюминий бойынша – 0,8 млн АҚШ долл., қорғасын бойынша – 0,5 млн АҚШ долл. Мұндай динамика экспорттың бағалық ауытқуларға сызықтық тәуелділігін және сыртқы конъюнктура жағдайы мен саланың экспорттық әлеуеті арасындағы тікелей байланыстың бар екенін көрсетеді.

Сәйкесінше, бағалық сезімталдық мырыш пен мыс бойынша неғұрлым айқын – дәл осы металдар Қазақстанның түсті металлургиясындағы экспорттық табыстың негізгі драйверлері болып табылады. Алюминий мен қорғасынның әсері орташа болғанымен, статистикалық тұрғыдан маңызды. Алынған нәтижелер валюталық тәуекелдерді бағалау, экспорттық түсім болжамын қалыптастыру және тұрақсыз әлемдік конъюнктура жағдайында мемлекеттік қолдау шараларын негіздеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Алынған нәтижелер түсті металлургия экспортының әлемдік бағаларға тәуелділігі сызықтық сипатқа ие екенін және бұл тәуелділіктің құрылымдық негізі бар екенін көрсетеді. Экспорттық түсімдердің металл түрлері бойынша әртүрлі сезімталдық танытуы саланың экспорттық құрылымындағы басымдықтармен және жаһандық нарықтардағы сұраныс ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Мырыш пен мыс бағаларының экспортқа ықпалының

салыстырмалы түрде жоғары болуы осы металдардың Қазақстан экспортының негізгі құрамдас бөлігі екенін және олардың әлемдік экономикалық циклдерге жоғары деңгейде интеграцияланғанын айғақтайды.

Бағалық өзгерістердің экспорттық түсімдерге симметриялы түрде әсер етуі саланың қысқа мерзімді кезеңде баға шоктарын өндіріс көлемін өзгерту арқылы бейтараптандыру мүмкіндіктерінің шектеулі екенін көрсетеді. Бұл түсті металлургия экспортының икемділігі негізінен баға арнасы арқылы іске асатынын және физикалық көлемнің рөлі екінші кезекте қалатынын білдіреді. Мұндай жағдай экспорттық кірістердің тұрақтылығы сыртқы нарықтардағы конъюнктураға тікелей тәуелді екенін көрсетіп, саланың бағалық тәуекелдерге осалдығын күшейтеді.

Сонымен қатар, регрессиялық модель нәтижелері экспорттық кірістердің қалыптасуында жекелеген металдардың рөлі тең емес екенін дәлелдейді. Бұл жағдай экспорттық саясат пен салалық қолдау шараларын әзірлеу барысында дифференциаланған тәсілді қажет етеді. Атап айтқанда, мырыш пен мыс бойынша баға ауытқулары экспорттық түсімдерге елеулі әсер ететіндіктен, осы сегменттерде хеджирлеу тетіктерін, ұзақ мерзімді келісімшарттарды және қосылған құны жоғары өнім үлесін арттыруға бағытталған шараларды күшейту орынды болып табылады.

Осылайша, жүргізілген талдау түсті металлургия саласының экспорттық әлеуеті меноның әлемдік бағаларға тәуелділігі арасындағы тікелей байланысты нақтылап қана қоймай, алынған сандық нәтижелерді экономикалық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл қорытындылар экспорттық түсімдердің құбылмалылығын төмендетуге және саланың сыртқы экономикалық тәуекелдерге төзімділігін арттыруға бағытталған институционалдық шешімдерді негіздеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Атап өткен жөн, бұл зерттеу түсті металлургия саласының экспорттық кірістілігіне әлемдік бағалардың әсерін анықтау мақсатында, ең алдымен, тікелей бағалық сезімталдықты талдау арқылы жүргізілді. Бұл ретте өндіру көлемдері, өндірістік қуаттар, қайта өңдеу құрылымы, валюта бағамы, сондай-ақ мемлекеттік саясат пен қолдау шаралары (субсидиялар, салықтық ынталандырулар, экспорттық шектеулер және т.б.) сияқты басқа да әлеуетті маңызды факторлар модельге енгізілген жоқ. Бұл таңдау деректер жиынтығының шектеулілігімен және негізгі нарықтық параметр – әлемдік бағаларды сыртқы сауда динамикасының басты экзогенді факторы ретінде қарастыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Қосымша айнымалыларды ескеру уақыттық ауқымды кеңейтуді және неғұрлым кешенді статистикалық деректер жүйесін тартуды талап етеді, бұл келешектегі зерттеулердің нысаны болуы мүмкін.

Сандық талдау барысында алынған, Қазақстанның түсті металлургиясы экспорттық түсімінің түсті металдардың әлемдік баға динамикасына жоғары және статистикалық маңызды тәуелділігін көрсететін нәтижелер ашық статистикалық деректермен салыстыру және салалық процестерді сапалық

тұрғыдан интерпретациялау кезінде қосымша растау табады. Дүниежүзілік банк пен UNCTAD деректеріне сәйкес, 2020–2024 жылдары түсті металдардың жаһандық нарықтары пандемиядан кейінгі сұраныстың қалпына келуіне, Қытай мен ЕО елдеріндегі инфрақұрылымдық бағдарламаларға, сондай-ақ жаңартылатын энергетика мен электр көлігі секторларындағы металдарды тұтынудың құрылымдық өсуіне байланысты жоғары баға құбылмалылығымен сипатталды. Мұндай жағдайда айқын экспорттық бағдары мен шикізаттық мамандануы бар елдер экспорттық кірістерінің сыртқы баға конъюнктурасына жоғары сезімталдығын көрсетті.

Қазақстанның түсті металлургиясының экспорттық моделі аталған сипаттамаларға толық сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, қарастырылып отырған кезеңде түсті металлургия үлесі валюталық түсімнің маңызды бөлігін тұрақты түрде қалыптастырды, бұл ретте экспорт құрылымы негізінен бастапқы және орташа өңдеу деңгейіндегі өнімдерге бағытталды. Бұл баға ауытқуларын ішкі тегістеу мүмкіндіктерін объективті түрде шектейді және әлемдік бағалардың экспорттың құндық көрсеткіштеріне трансмиссиясын күшейтеді. Осылайша, регрессиялық модельде анықталған оң серпімділік коэффициенттері тек статистикалық өзара байланысты ғана емес, сонымен бірге саланың жұмыс істеуінің құрылымдық логикасын да көрсетеді.

Анықталған тәуелділіктердің орнықтылығына түсті металдардың әлемдік нарықтарындағы баға белгілеу тетіктерін талдау қосымша түсіндірме береді. Лондон металл биржасының ашық деректері мыс, мырыш және алюминий котировкаларының зерттелетін кезеңде сұраныс пен ұсыныстың жаһандық факторларының әсерінен қалыптасқанын және экспорттық келісімшарттар жасасу кезінде негізгі индикаторлар ретінде пайдаланылғанын айғақтайды. Келісімшарттардың едәуір бөлігі биржалық бағаларға тікелей немесе жанама байланысты болған жағдайда, әлемдік конъюнктураның өзгеруі экспорттық түсімге іс жүзінде уақыт лагынсыз беріледі. Бұл металл бағалары мен экспорттық түсімдер арасындағы тұрақты оң байланысты көрсеткен корреляциялық талдау нәтижелерін сапалық тұрғыдан растайды.

2020–2024 жылдардағы баға циклінің фазаларын экспорттық түсім динамикасымен салыстыру да баға факторының басым рөлін айқындайды. World Bank Commodity Markets Outlook ашық көздерінде тіркелген 2021–2022 жылдардағы әлемдік бағалардың күрт өсу кезеңі Қазақстанның түсті металлургиясының экспорттық кірістерінің артуымен қатар жүрді. Керісінше, 2023 жылғы бағалық коррекция фазасы ел ішіндегі өндірістің құндық тұлғадағы оң динамикасы сақталған жағдайда экспорттық түсімнің төмендеуімен сипатталды. Бұл өндіріс пен экспорттың физикалық көлемі үлкен инерцияға ие екенін және қысқа мерзімді кезеңде баға шоктарын өтей алмайтынын көрсетеді.

Жекелеген металдар бағасының экспорттық түсімге әсер ету дәрежесіндегі

айырмашылықтар да ашық статистика деректерімен сәйкес келеді. UNCTAD және халықаралық салалық шолулардың ақпараты бойынша, соңғы жылдары мырыш пен мыс нарықтары инфрақұрылымдық жобалардың, машина жасау мен энергетиканың дамуына байланысты неғұрлым тұрақты жаһандық сұраныспен сипатталады. Бұл Қазақстанның аталған металдар бойынша экспорттық кірістерінің неғұрлым жоғары бағалық сезімталдығын түсіндіреді. Сонымен қатар, қорғасын нарығы қолдану аясының шектеулілігімен және бағаның салыстырмалы түрде төмен құбылмалылығымен ерекшеленеді, бұл оның эконометриялық есептеулерде тіркелген жиынтық экспорттық түсімге әсерінің аздығынан көрінеді.

Жиынтығында, ашық статистикалық дереккөздерді пайдалана отырып жүргізілген сапалық талдау зерттелетін кезеңде Қазақстанның түсті металлургиясының экспорттық динамикасы негізінен сыртқы баға конъюнктурасының әсерінен қалыптасты деген қорытындыны қуаттайды. Саланың жаһандық нарықтарға жоғары деңгейде интеграциялануы, өңдеу тереңдігінің шектеулілігі және экспорттық келісімшарттардың институционалдық ерекшеліктері экспорттық кірістердің әлемдік бағаларға тәуелділігін арттырады. Бұл қолданыстағы экспорттық модельдің құрылымдық осалдығын көрсетеді және ішкі қосылған құнды кеңейтуге және бағалық тәуелділікті төмендетуге бағытталған институционалдық өзгерістердің қажеттілігін айқындайды, бұл ресурстық бағыттағы экономикалардың проблемалары бойынша заманауи халықаралық әдебиеттердің қорытындыларына сәйкес келеді.

Қорытынды. Жүргізілген кешенді эмпирикалық зерттеу 2020–2024 жылдар аралығында әлемдік түсті металл бағаларының динамикасы мен Қазақстан Республикасының түсті металлургия саласының экспорттық түсімі арасында орнықты, жүйелі және экономикалық тұрғыдан негізделген өзара байланыстың бар екенін көрсетті. Зерттеу барысында қолданылған сандық және сапалық әдістердің жиынтығы саланың экспорттық динамикасын біржақты сипаттамадан гөрі, оның ішкі құрылымдық ерекшеліктері мен сыртқы конъюнктуралық факторлармен өзара әрекеттесуін кешенді түрде ашуға мүмкіндік берді.

Біріншіден, сипаттамалық статистика нәтижелері түсті металлургия саласының жиынтық экспорттық түсімі салыстырмалы түрде төмен құбылмалылық деңгейімен сипатталатынын көрсетті. Экспорттық түсім бойынша вариация коэффициентінің 11,55 % деңгейінде қалыптасуы сыртқы бағалық ауытқуларға қарамастан экспорттық ағындардың белгілі бір тұрақтылыққа ие екенін білдіреді. Сапалық талдау тұрғысынан бұл құбылыс экспорттық жеткізілімдердің үздіксіздігімен, ұзақ мерзімді келісімшарттардың болуымен және экспорттық операциялардың валюталық сипатымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, бұл нәтиже саланың қысқа мерзімді кезеңде баға шоқтарына бейімделу қабілетінің бар екенін көрсетеді, алайда ұзақ мерзімді перспективада бағалық тәуелділіктің сақталатынын жоққа шығармайды.

Екіншіден, негізгі түсті металдардың әлемдік бағалары бойынша жүргізілген жеке уақыт қатарларын талдау бағалық тұрақсыздық деңгейінің айқын әртектілігін анықтады. Сипаттамалық статистика нәтижелері мыс нарығы ($CV = 14,80\%$) мен алюминий нарығының ($CV = 14,05\%$) ең жоғары құбылмалылыққа ие екенін көрсетті. Мырыш бағасы орташа деңгейдегі өзгергіштікпен сипатталды ($CV = 13,13\%$), ал қорғасын нарығы салыстырмалы түрде ең тұрақты болып шықты ($CV = 7,31\%$). Бұл айырмашылықтар жекелеген металдардың жаһандық сұраныс құрылымына, инвестициялық және өнеркәсіптік циклдерге, сондай-ақ алыпсатарлық капитал қозғалыстарына әртүрлі деңгейде тәуелді екенін көрсетеді. Сапалық интерпретация тұрғысынан бұл нәтижелер экспорттық тәуекелдердің біркелкі емес екенін және әр металл бойынша бағалық тәуекелдерді басқару тәсілдері дифференциаланған болуы тиіс екенін дәлелдейді.

Үшіншіден, корреляциялық талдау нәтижелері металдардың әлемдік бағалары мен Қазақстанның түсті металлургия саласының экспорттық түсімі арасында тұрақты сызықтық тәуелділіктің бар екенін эмпирикалық түрде растады. Пирсон корреляция коэффициенттері мырыш бағасы ($r = 0,79$) мен алюминий бағасының ($r = 0,70$) экспорттық түсіммен ең тығыз байланысқа ие екенін көрсетті. Бұл көрсеткіштер осы металдарды қысқа және орта мерзімді кезеңде экспорттық өсімнің негізгі драйверлері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мыс ($r = 0,67$) пен қорғасын ($r = 0,58$) бойынша да статистикалық тұрғыдан маңызды байланыс анықталды, алайда олардың әсері салыстырмалы түрде әлсіздеу. Бұл нәтиже экспорттық түсімдердің қалыптасуы көпфакторлы сипатқа ие екенін және әр металдың салалық экспорттағы салмағы әртүрлі екенін көрсетеді.

Төртіншіден, көптік сызықтық регрессиялық талдау нәтижелері әлемдік бағалар мен экспорттық түсім арасындағы функционалдық тәуелділікті сандық тұрғыдан нақтылауға мүмкіндік берді. Алынған регрессия коэффициенттері мырыш пен мыс бағаларының экспорттық түсімге ең жоғары маржиналдық әсер ететінін көрсетті. Мырыш бағасының әлемдік нарықта 1% өсуі экспорттық түсімнің шамамен $1,1\%$ артуына алып келеді, ал мыс бағасының 1% өсуі экспорттық кірістің $0,95\%$ өсуімен қатар жүреді. Алюминий бағасының 1% көтерілуі экспорт көлемінің $0,6-0,7\%$ артуына ықпал етеді. Қорғасын бойынша алынған коэффициенттің статистикалық тұрғыдан мәнісіз болуы оның саладағы жиынтық экспорттық ағындарға әсерінің шектеулі екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер экспорттық түсімдердің бағалық сезімталдығы металл түріне қарай әркелкі екенін дәлелдейді.

Бесіншіден, регрессиялық модельдің детерминация коэффициентінің жоғары мәні ($R^2 = 0,92$) Қазақстанның түсті металлургия саласының экспорттық түсімдерінің шамамен 92% -ы металдардың әлемдік бағаларындағы өзгерістермен түсіндірілетінін көрсетті. Бұл нәтиже саланың жаһандық шикізаттық экономикаға жоғары деңгейде интеграцияланғанын және экспорттық модельдің экзогенді бағалық факторларға айтарлықтай

тәуелді екенін айқын дәлелдейді. Сапалық талдау тұрғысынан бұл тәуелділік экспорттық түсімді болжау және сценарийлік жоспарлау кезінде халықаралық бағалық индикаторларды жүйелі түрде мониторингтеудің маңыздылығын көрсетеді.

Алтыншыдан, институционалдық және құрылымдық сапалық талдау нәтижесі түсті металлургияның бірқатар шектеулерін анықтады. Экспорт көлемінің едәуір бөлігінің әлі де төмен немесе орта деңгейде өңделген тауарларға тиесілі, бұл ел ішіндегі қосылған құнды қалыптастыру тетіктерінің мүмкіндіктерін шектейді. Мұндай экономикалық құрылым экспорттық түсімдердің өндірістік көлемінің өсуіне емес, әлемдік бағалардың қолайлы фазаларына тәуелді болуға алып келеді. Нәтижесінде баға өзгеру кезеңдерінде саланың экспорттық түсімдері айтарлықтай қысқарады, ал өндірістің салыстырмалы тұрақтылығы бұл төмендеуді толықтыра алмайды.

Жетіншіден, алынған нәтижелер түсті металлургия саласының ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне қатысты маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Қолданыстағы экспорттық модель қысқа мерзімді кезеңде жоғары кіріс әкелуі мүмкін болғанымен, ол ұзақ мерзімді перспективада сыртқы бағалық шоктарға жоғары осалдықты сақтайды. Бұл жағдай саланың дамуын шикізаттық бағыттан инновациялық-технологиялық парадигмаға көшіру қажеттігін көрсетеді. Терең өндеуді кеңейту, технологиялық жаңғырту, цифрландыру және экологиялық стандарттарды енгізу арқылы ғана экспорттық түсімдердің тұрақтылығын арттыруға және қосылған құнды ел ішінде қалыптастыруға болады.

Қорытындылай келе, жүргізілген кешенді зерттеу Қазақстанның түсті металлургия саласы үшін әлемдік бағалар мен экспорттық түсімдер арасындағы тығыз байланысты эмпирикалық түрде дәлелдеп қана қоймай, саланың құрылымдық және институционалдық ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік берді. Алынған сандық және сапалық нәтижелер экспорттық түсімді болжау, бағалық тәуекелдерді басқару, салалық даму сценарийлерін әзірлеу және мемлекеттік индустриялық саясатты негіздеу үшін теориялық әрі қолданбалы тұрғыдан маңызды негіз қалыптастырады. Бұл зерттеу нәтижелері түсті металлургияны дамыту жөніндегі стратегиялық шешімдер қабылдау барысында бағалық индикаторларды жүйелі түрде ескерудің қажеттілігін айқын көрсетеді және саланың ұзақ мерзімді тұрақты дамуына бағытталған институционалдық өзгерістер үшін ғылыми негіз бола алады.

References

- Brooks C. (2019) *Introductory econometrics for finance* (4th ed.). Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/9781108524872> (in Eng.)
- Daribekov S.S. (2017) *Sovremennoe sostoyanie razvitiya metallurgicheskoi promyshlennosti v Kazakhstane* [Current state of development of the metallurgical industry in Kazakhstan]. *Bulletin of the Karaganda University*, 1(85). (in Russian)
- Gujarati D.N., & Porter D.C. (2018) *Basic econometrics* (6th ed.). McGraw-Hill Education (in Eng.)

International Monetary Fund (2023) World economic outlook. IMF. Retrieved December 27, 2025, from <https://www.imf.org/en/Publications/WEO> (in Eng.)

Kovac P., Zoric J., & Nikolic D. (2021) The impact of metal price volatility on export revenues. *Resources Policy*, 72. — 102065 p. <https://doi.org/10.1016/j.resourpol.2021.102065> (in Eng.)

Kurmanalina A.A., Tleubergenova M.A., & Nurgalieva S.T. (2024) Analiz razvitiya gorno-metallurgicheskoi otrasli Kazakhstana [Analysis of the development of the mining and metallurgical industry of Kazakhstan]. *Vestnik Aktobe Regional University Named After K. Zhubanov*, 71(1). Retrieved December 24, 2025, from <https://vestnik.arsu.kz/index.php/hab/article/view/63> (in Russian)

Larichkin F.D., Alimbetov U.S., & Krauze N.V. (2020) Gorno-metallurgicheskii kompleks Kazakhstana: sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvitiya [Mining and metallurgical complex of Kazakhstan: Current state and development prospects]. *Bulletin of Turan University*, 2(86) (in Russian)

London Metal Exchange (2024) Annual metals market report. Retrieved December 20, 2025, from <https://www.lme.com> (in Eng.)

Mansoor A., & Zaman K. (2020) Commodity prices and export performance in Central Asia. *Journal of Commodity Markets*, 18. — 100089 p. <https://doi.org/10.1016/j.jcomm.2020.100089>

National Bank of Kazakhstan (2023) External sector statistics. Retrieved January 2, 2026, from <https://nationalbank.kz> (in Eng.)

OECD (2023) Global material resources outlook to 2060. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/9789264307452-en> (in Eng.)

OECD (2024) The changing dynamics of global metal markets. OECD Publishing. Retrieved December 24, 2025, from <https://www.oecd.org> (in Eng.)

QazIndustry (2024) Analytical report on the mining and metallurgical complex of Kazakhstan. Retrieved December 24, 2025, from <https://qazindustry.gov.kz> (in Eng.)

Republic of Kazakhstan Bureau of National Statistics (2024) Foreign trade statistics. Retrieved December 25, 2025, from <https://stat.gov.kz> (in Eng.)

Wooldridge J.M. (2020) *Introductory econometrics: A modern approach* (7th ed.). Cengage Learning (in Eng.)

World Bank (2023) Commodity markets outlook: Metals and minerals. World Bank Group. Retrieved December 23, 2025, from <https://www.worldbank.org/en/research/commodity-markets> (in Eng.)

World Bank (2024) Global economic prospects. World Bank Group. Retrieved December 23, 2025, from <https://www.worldbank.org/en/publication/global-economic-prospects> (in Eng.)

Zhang Y., & Liu L. (2022) Price volatility and trade sensitivity in non-ferrous metals. *Minerals Economics*, 35(3). — P. 521–536. <https://doi.org/10.1007/s13563-022-00301-4> (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 27.02.2026.

46,0 п.л. Заказ 1.